

**"Ақмола облысы білім басқармасының
Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі
Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы
Жібек жолы ауылының
жалпы орта білім беретін мектебі" КММ-ның
2022-2023 оқу жылының
І жарты жылдығына арналған
тәрбие жұмысының есебі**

Тәрбие ісі меңгерушілері:  Жунусова А.К.




 Жакен М.

**"Акмола облысы білім баскармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі
Иманжүсіп Кутпанұлы атындағы Жібек жолы ауылының
жалпы орта білім беретін мектебі" КММ-ның**

2022-2023 оқу жылының қыркүйек айына арналған тәрбие жұмысының есебі

15.08-15.09 күндері аралығында «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылып, аз қамтылған, көпбалалы отбасыларда тәрбиеленіп отырған оқушыларды мектеп формасымен, ыстық тамақпен қамтамасыз етуге құжаттар жиналып, жұмыстар жүргізілді.

1-қыркүйек күні 1-11-сыныптарда «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм» тақырыптарында сап түзеу, сынып сағаттары өткізілді. Инклюзивті кабинет ашылды.



2-қыркүйекке дейін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылардың құжаттары комиссия құрамымен тексеріліп, қабылданды. Үшінші қыркүйекте құжаттар қабылданып, бекітілді.

5-қыркүйекте тізім бойынша ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі қадағалауға кезекшілік кестесі құрылып, бекітілді.

5-қыркүйекке дейін мектеп сыныптарының әлеуметтік құжаттарын жинақталып, реттеу жұмыстары жүргізілді.

5-қыркүйекке дейін мектеп сыныптарының әлеуметтік құжаттарын жинақталып, реттеу жұмыстары жүргізілді.



5-қыркүйек күні «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлт ұстазы» тақырыбында кеменгер тұлғаның 150 жылдық мерейтойына орай танымдық сабақтар өткізілді. 6-7-қыркүйек күні «Құқықтық сауаттылық – заман талабы» тақырыбында мектептің ішкі ережелерімен оқушыларды таныстыру мақсатында 7-8, 9-11-сыныптарда дөңселек үстел ұйымдастырылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



6-9-қыркүйек аралығында «Абайланың, балалар!» тақырыбында жолда жүру ережелерін насихаттау мақсатында 1-11-сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді. 9-16-қыркүйек күндері «Дини экстремизм мен терроризм – бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп» тақырыбында апталық жоспар құрылып, бекітіліп, оқушылармен, мұғалімдермен, мектептің кіші қызметкерлерімен түсіндіру жұмыстары жүргізілді. 10-қыркүйек күні «Денсаулық күніне» орай саптанатты сап түзеу, спорттық іс-шаралар ұйымдастырылды.



15-қыркүйек күні «Абайды оқы, таңырқа!» «Абай» клубының жоспары құрылып, шаралар жоспар негізінде ұйымдастырылды.

15-қыркүйекке дейін тәуекел тобындағы оқушылар анықталып, тізім жасалынды. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар анықталып, тізімі жасалып, сабақтарға қатысып, қадағаланды. Қауіп-қатер тобындағы оқушылар анықталып тізім жасалды.

15-30-қыркүйек аралығында 1,5-сыныптар бастауыш, орта буынға қалыптасулары бақылауға алынды. Сынып сағаттары, пән сабақтарына қатысу жұмыстары жүргізілді.

19-29-қыркүйек аралығында Тілдер мерекесіне орай «Тіл – татулық тірегі» тілдер апталығының жоспары құрылып, іс-шаралар ұйымдастырылды.



30-қыркүйек күні «Қауіпсіз мектеп!» тақырыбында жазатайым оқиғалардың алдын алу, қауіпсіздік ережелерін, өрт қауіпсіздігін түсіндіру мақсатында тәрбие сағаттары өткізілді.




"Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы Жібек жолы ауылының жалпы орта білім беретін мектебі" КММ-ның 2022-2023 оқу жылының қазан айына арналған тәрбие жұмысының есебі

30 қазан күні «Ұстаз деген жарық күні ғалымның» деген атты концерттік бағдарламаларын 11 сынып оқушылары мұғалімдерге тамашалады. Қазанның 1-ші жұлдызында Жібек жолы ауылында "Қарттарын қадірлеген ел ардақты" атты тақырыпта қарттар күніне арналған мерекелік шара өткізілді. Шараға мектебіміздің ұстаздары мен оқушылары белсене ат салысты.


Қымбатты ақылдың кенін арқалаған айбынды аталар! Ақ жаулықты аналар! Шынайы да ізгі сезімдерді, білімнің алтын дінгегін сыйлаушы ұстаздар қауымы! Барлықтарыңызды қазан айының алғашқы мерекелері қарттар күнімен құттықтаймыз! Адамның өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі – ол баланың ата-анасын ардақ тұтып, өзінің перзенттік қарызын бір сәтке де есінен шығармауында. Қарт кісіні құт-береке деп танысак – ол ұрпақ корегендігі. Ұрпағы құрметтеген ата-ана әр кезде де бақытты.

Үлкенді сыйлау, оларға құрмет көрсету – ата-бабадан келе жатырған салтымыз. Сіздердің өмірлік тәжірибелеріңіз бен ақыл-кеңестеріңіз, тәлім-тағатымдарыңыздың біз үшін орны бөлек.



22 қазан күні мектебімізде 25 қазан - Республика күніне орай оқушыларды Отанға деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерге, мемлекеттік мерекелерге құрметпен қарауға баулу мақсатында салтанатты жиын өткізіліп, оқушылар әнұранды орындады. Салтанатты жиында Республика күнінің тарихы жайлы мектеп директоры А.А.Туркестанбаева, тарих пәні мұғалімі О.Бахытхан баяндап өтті. Еліміздің өркендеуі жолында білім нәрімен сусындап, өз білімдерін облыстық, республикалық сайыстарда сынап жүрген оқушыларымыздың жобалары, жұмыстары жүзделі орындарға не болып, салтанатты жиында марапатталды. «Ақмола облысының флорасы мен фаунасының 3Д атласы» номинациясы бойынша

«Балкарагайлы Бурабай» тақырыбымен 8 «Ә» сынып оқушысы Түменбай Айшабибі 1-орынға не болды. Жетекшісі: информатика пәнінің мұғалімі: Лесбекова Ұлданай Анарбековна. «Экотекстр» номинациясы бойынша «Ғарыш ғаламаты» тақырыбымен 9 «В» сыныбының оқушылары Азденбаева Алуа, Тәжімұрат Жанель, Баян Алдияр, Берикбол Темирлан 2-орынға не болды. Жетекшісі: Шыназарова Лаура Ахановна. «Жасыл ел» номинациясы бойынша «Адамның мінез-құлқына, көңіл-күйіне әсер ететін нәрселер» тақырыбымен 7 «Б» сынып оқушысы Серікбай Аружан қатысты; жетекшісі: Мысанова Г.Б. «Green oasis» номинациясы бойынша «Мектеп ауласының ландшафтық дизайны» тақырыбымен 9 «В» сынып оқушысы Тәжімұрат Жанель қатысты. Жетекшісі: Назтан Арайлым Байғалиқызы.



1-11-сыныптарда Республика күнінің тарихы мен маңыздылығын дәріптеу мақсатында мемлекеттік мерекеге жүрекжарды құттықтауларын жолдап, сыныптар арасында челлендж жолданды.

11 «Ә» сынып оқушысы Қалияқбар Аят киокушинкай каратеден Республикалық турнирде 16-17 жас, 18-20 жас шамасында екі рет III жүлделі орынға не болды

Мектебімізде 25 қазан- Республика күні мерекесіне орай оқушыларымыз қабырға газеттерін шығарды.



Қазанның 10-14 күндері аралығында 1-4-сыныптарда «Зиянды заттардан аулақ болайық», 5-7-сыныптарда «Ауырмаймын десен...», 8-11-сыныптарда «Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы» тақырыптарында, денсаулықтың адамға берілген зор байлық екендігін ұғындыру мақсатында сынып сағаттары өткізілді.



Қазанның 12 күні «Ұлттық сана – ұлттық ойын арқылы» тақырыбында ұлттық ойындар бойынша сайыстар өткізілді. Дене шынықтыру мұғалімдері жас ұрпақ санасында ата-бабадан келе жатқан ұлттық мұраларымызды, ұлттық ойындарымызды жаңғыртып, дәріптеді.



13-14-қазан күндері күз кереметін, әсемдігін, байлығын ұғындыру мақсатында 3-11-сыныптар аралығында мектепшілік «Күз ханшайымы мен ханзадасы» сайысы өткізіліп, сыныптар бар шығармашылықтарын ортаға салып, белесіне қатысты.



Мектебімізде Алтын күз мерекесіне орай 1 сыныптар арасында көрме ұйымдастырылды.



21-қазан күні «Діни экстремизм мен терроризм – бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп» тақырыбында 5-8, 9-11-сыныптарда алдын алу мақсатында дөңгелек үстел ұйымдастырылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жауапты тәрбие ісінің меңгерушісі А.К.Жунусова, дінтану пәні мұғалімі Н.Б.Ташетова, АӘД пәні мұғалімі А.Бабабекова.

Маншүк Маметованың туғанына 100 жылына кітап көрмесі өтті



2022 жылдың 20 қазан күні И.Құтпанұлы атындағы жалпы орта мектебінде филология ғылымдарының докторы, батырдың немересі Иманжүсіп Раушан Нұрханқызының 70 жас мерей тойына арналған іс-шара болып өтті. Іс-шараға Өзбекстан Республикасы мен республикамыздың өңірлерінен профессор-ғалымдар, ғылым кандидаттары мен докторлар, аудан әкімшілігі мен білім бөлімінен қызметкерлері қатысты. Шара аясында «Иманжүсіп манологы», орындалса, мектеп оқушыларынан құралған мектеп түлегі Серік Аль-Фарабидің сөзіне, Жантти Ардабектің әніне жазылған «Иманжүсіп-тау тұлға» хоры орындалды. Сонымен қатар мектеп мұражайына саяхат жасап, ақын-сазгердің өмір жолы мен еңбектері, естеліктеріне тоқталды. Батырдың немересі Раушан Нұрханқызы Иманжүсіп туралы ерліктерін мақтанышымен жеткізді. Мектебіміздің директоры Түркестанбаева А.А келген қонақтарға, мектеп ұжымына өз алғысын білдірді. Бағамызға құран бағыпталып, қонақтарға қымыз бен бауырсақ ұсынылды. Іс-шара соңы Астана қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіндегі «Қазақстанның қазіргі мәдениеті: есімдер мен зерттеулер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға ұласты.

“Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі Иманжүсіп Күтпанұлы атындағы Жібек жолы ауылының жалпы орта білім беретін мектебі” КММ-ның 2022-2023 оқу жылының қараша айына арналған тәрбие жұмысының есебі

31.10-04.11 күндері аралығында 1-4-сыныптарда «Өз жерінді таны» тақырыбында сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен мұражайларға саяхаттар ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылардың туған өлкесінің, жерінің, елінің тарихымен, ерен тұлғалар еңбегімен таныстыру.



07.11-11.11 күндері аралығында 5-7-сыныптарда «Туған өлкеңді білесің бе?» тақырыбында тарих пәні мұғалімдері, сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен мұражайларға саяхат, танымдық сабақтар өткізілді. Мақсаты: білім алушылардың туған жер, ел, Отан тарихын, өткен ұлы жолын, ел үшін еңбек еткен ұлы қайраткерлер жайлы білім беріп, өнеге алуға тәрбиелеу.



11-21.11.22 күндері КТК фестивалінің іріктеу ойындары мектепшілік, аудандық онлайн түрде өткізілді. Мақсаты: оқушылардың шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруына қолайлы жағдай жасау. Мектепшілік іріктеуге 8 «б», 9 «а», 9 «в» сыныптары қатысып, аудандық іріктеуге 9 «в» сыныбының әзілдерінің бейнематериалы жіберілді.



14.11-18.11 күндері аралығында жоспарланған «100 жаңа есім» Ауылымыздан шыққан батырлар мен құрметті азаматтармен кездесу ұйымдастырып, сұхбат алу мақсатында елі, халқы үшін ерен еңбек еткен Иманжүсіп Құтпанұлының немересі, ғалым, Иманжүсіп зерттеуші Иманжүсіп Раушан Нұрханқызымен кездесу өткізілді.



07-30.11 күндері аралығында «Оқуға құлтар мектеп» жобасының негізінде «Кітап – оқу сәні» тақырыбында отбасымен кітап оқуға қажеттілікті дамыту мақсатында 1-11-сыныптар арасында челлендж, «Кітап оқитын отбасы – ғасыр үлгісі» тақырыбында 5-7-сыныптар арасында отбасылық марафон ұйымдастырылды.





16-18.11 күндері мектебімізде Қазақстан Республикасының баланың құқықтары туралы заңнамасы негізінде білім алушының құқығы, қазіргі қоғамда күрделі мәселе болып отырған буллинг, кибербуллингтің алдын алу мақсатында «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбының негізінде тәрбие ісінің меңгерушілері, мектеп педагог-психологтары, сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен 6-11-сыныптарда түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылды. Жұмыс барысында оқушылар бала құқығы, буллинг, кибербуллингтің айырмашылығы, салдары жайлы сұрақтарына жауап алып, пікірлерімен бөлісті.




17, 24 қараша күндері қыз балалардың бойында ұлттық құндылықтарға негізделген әдемілік, сұлулық, ар-ұят қағидалары бағытында «Адам бойында бәрі де әдемі, сұлу болуға тиіс» тақырыбында 5-11-сыныптарда қыз балалармен жиналыс, ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында 9-11-сынып қыздарымен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



18,24,25 қараша күндері ата-аналармен жұмыстың сапалы форматын ұйымдастыру негізінде, оқушы,ата-ана, мектеп үштігінің байланысын тиімді жүргізу мақсатында «Әке көрген, шеше көрген тон пішер» тақырыбында 1-4, 5-7, 9-10-сыныптар арасында отбасылық сайыс ұйымдастырылып өткізілді.

21.11 күні «Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі» тақырыбында білім алушылардың дұрыс тамақтануын, физиологиялық дамуын негізге ала отырып мектеп психологы, әлеуметтік педагог, медбике түсіндіру жұмыстарын жүргізді.



Мектебімізде 29.11 күні «Тұмаудың алдын алу» тақырыбы негізінде, 3-4, 5-11-сыныптарға тұмаудың алдын алу мақсатында мектеп медбикесі, тәрбие ісі ментерушілерінің ұйымдастыруымен түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Вирус ауа тамшы жолы арқылы таралатындықтан, күнделікті гигиена сақтау, сынып бөлмелерін уақытылы желдетіп, ауасын тазартып тұру, салауатты өмір салтын ұстанып, пайдалы, құнарлы тамақтану

қажеттігі айтылды. Алдын алу шаралары: наукас адаммен байланыста болмау, байланыста болған жағдайда бетперде тағу, инфекция таралмауы үшін қолды сабынмен немесе бактерияға қарсы құралдармен жуу туралы түсіндіріліп, баяндалды.



07-30-қараша аралығында 4,10-сыныптардың пәндері бойынша тәрбиелік бағытын, сынып сағаттарының жоспарын, сапасын, күнделіктерінің жүргізілуін, сабаққа қатысуын, оқушы, сынып тазалығын тексеру жұмыстары жүргізіліп, анықтама берілді.

"Акмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы Жібек жолы ауылының жалпы орта білім беретін мектебі" КММ-ның 2022-2023 оқу жылының желтоқсан айына арналған тәрбие жұмысының есебі «1 желтоқсан дүниежүзлік ЖИТС-ке қарсы күн» қабырға газеттерін шығару бойынша тапсырма беріліп, 9-11-сыныптар қабырға газеттерін шығарды.



8-желтоқсан күні мектепшілік, аудан негізінде АӨД пәні мұғалімі Бабабекова А.С. «Мерген» сайысын 10-11 сыныптар арасында өткізді.



б «а» сынып оқушысы Айыылдыз Ягмур аудандық 12-26.12 аралығында өткен «Мен сені сүйемін, туған жерім» аудандық сырттай фото сурет байқауына қатысты.



Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік мерекесіне орай «Тәуелсіздік – Мәңгілік елдің туғыры» тақырыбында 12-15-желтоқсан күндері аралығында 1-11-сыныптарда көрме ұйымдастырылды. Мақсаты: Тәуелсіз Қазақстан Республикасының материалдық, рухани құндылықтарын бағалауға, құрметтеуге, мақтан тұтуға баулу, Тәуелсіздік жылдарында қол жеткізген жетістіктерін дәріптеу.



23-желтоқсан күні «Темекі – ғасыр дерті» тақырыбында 8-11-сыныптармен мектеп медбикесі, педагог-психологтармен кездесу ұйымдастырылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



13-желтоқсан күні «Тәуелсіздік құндылықтары» тақырыбында 9-11-сыныптар арасында ашық аяқ өткізілді. Оқушылар еліміздің құндылықтары, тәуелсіздік құндылықтары жайлы өз ойларын ортаға салды.



14-желтоқсан күні «Тәуелсіздік тарихы» тақырыбында Мектеп қабырғасындағы Иманжүсіп Құспанұлы мұражайында 10-11-сыныптарға таныстырылым ұйымдастырылды. Мақсаты тарихи тұлға Иманжүсіп Құспанұлының мұрағаттарымен таныстырып, тарихын түсіндіру.




15.12.2022 күні Тәуелсіздік мерекесіне орай 1-11-сыныптарда сынып сағаттары өткізілді. Оқушыларға ел құндылықтары, Тәуелсіздік тарихы жайлы терең білім бере отырып, Тәуелсіздікке жету жолындағы күрес, тарихи тұлғалардың ерен еңбегін дәріптеу, оқушыларды өз елін сүруге, қадірлеуге, осы елдің ұланы екенін мақтан етуге баулу.





19-30.12 аралығындағы «Қысқы ертегі» атты аудандық науқан аясында жаңа жыл мерекесіне орай 1-11 сыныптар арасында 27-29.12 күндері мерекелік іс-шаралар өткізілді. Мерекеге жаңа жыл мейрамының негізгі кейіпкерлері: Аяз ата мен Ақшақар, ескі жыл мен жаңа жыл жануарлары: барыс пен қоян, сондай-ақ ертегі кейіпкерлері түлкі мен аю ретінде жоғарғы сынып оқушылары келіп, балаларды құттықтап, ал балалар өз кезектерінде жоғарғы деңгейде өнерлерін көрсетті.





26-30-желтоқсан аралығында қамқорлықтағы, азқамтылған, көпбалшы отбасындағы балаларды мектепшілік, аудандық жаңа жылдық ертеңгіліктерге қатыстыру жұмыстары жүргізілді.



Тәрбие ісі меңгерушілері: *Ж.Ж.* Жунусова А.К.
Ж.Ж. Жакен М.